



Бұл үлгі STEM білімін тек техникалық құзыреттіліктермен шектемей, тұлғаның рухани-әлеуметтік қалыптасуына ықпал ететін кешенді жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, XXI ғасырдағы жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінің жаңа философиялық тұғырнамасын қалыптастыруды қажет етеді. STEM-білім беру моделі әлемдік педагогикалық ойдың басты бағдарларының біріне айналып, болашақ мамандарды тек техникалық тұрғыда даярлаумен шектелмей, олардың шығармашылық және рухани әлеуетін дамытуға да бағытталуы тиіс.

Зерттеу барысында STEM пәндері мен soft құзыреттіліктер арасындағы өзара байланыс анықталып, олардың тұлғаның сыни ойлау, креативтілік, көшбасшылық, командалық жұмыс сияқты маңызды дағдыларын қалыптастыратыны дәлелденді. Бұл тұста Е.А. Бөкетовтің тұлғаның рухани дамуы, әділеттілік пен еңбектің адамгершілік мәні, шығармашылық еркіндік туралы идеялары STEM парадигмасының гуманитарлық қырымен үндесетіні көрсетілді.

Жасалған факторлық және регрессиялық талдау нәтижесінде STEM пәндері мен soft құзыреттіліктері және рухани құндылықтарды біріктіретін интегративті модель ұсынылды. Бұл модель тұлғаның жан-жақты дамуына, ғылым мен гуманизмнің тоғысында нағыз шығармашылық әлеуетті ашуға мүмкіндік береді.

Яғни, STEM білім беруді Қазақстан жағдайында дамыту тек техникалық-инновациялық міндет ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетке, гуманистік идеяларға және тұлғаның рухани дамуына негізделген стратегиялық бағыт болуы тиіс. Бұл тәсіл қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртып қана қоймай, жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, рухани бай әрі жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. UNESCO. Exploring STEM competences for the 21st century [Электрон. ресурс]. – UNESCO, 2021. – Режим доступа: <https://learningportal.iiep.unesco.org/en/library/exploring-stem-competences-for-the-21st-century> – (қол жеткізілген күні: 31.08.2025).
2. OECD. PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education [Электрон. ресурс]. – OECD Publishing, 2023. – DOI: <https://doi.org/10.1787/53f23881-en> – (қол жеткізілген күні: 31.08.2025).
3. Білімді интеграциялау және пәнішілік байланыстар жүйесі [Электрондық ресурс] / Ж. А. Таджибаева, Д. Қалабай, Ж. Масат. – Қарағанды : Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2023. – Режим доступа: <https://rep.ksu.kz/handle/data/16869> (қолжетімділік күні: 31.08.2025).
4. Көбеев Е. Шоқтығы биік тұлға: академик Е. А. Бөкетов хақында // Жалын. – 2005. – №3. – Б. 24–27.
5. UNESCO. Cracking the code: Girls' and women's education in science, technology, engineering and mathematics (STEM) [Электрондық ресурс]. – Paris : UNESCO Publishing, 2017. – Режим доступа: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000253479> – (қолжетімділік күні: 31.08.2025).
6. OECD. OECD Skills Strategy 2019: Skills to Shape a Better Future [Электрондық ресурс]. – Paris : OECD Publishing, 2019. – Режим доступа: <https://www.oecd.org/publications/oecd-skills-strategy-2019-9789264313835-en.htm> – (қолжетімділік күні: 31.08.2025).

ӘОЖ 821.512.122.09

## Е.А.БӨКЕТОВ – ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Естаева А.Р., М.Құрманғалиева атындағы 32 гимназия, Ақтөбе, Қазақстан

Евней Арыстанұлы Бөкетов – қазақ әдебиеті мен ғылымында өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті тұлға. Оның әдеби мұрасы терең философиялық ойлар мен ерекше көркемдік тәсілдерге бай. Е.А.Бөкетовтің шығармалары жан-жақтылығымен, тілдік шеберлігімен және идеялық мазмұнымен ерекшеленеді. Ол тек қана ғалым, аудармашы ғана емес, сонымен қатар әдебиет майталманы, сөз өнерінің қадірін арттырушы қайраткер ретінде танылды. Бөкетов шығармаларының басты ерекшелігі – халықтық рухты сақтау, ұлттық болмысты терең таныту, көркемдік пен ойшылдықты шебер ұштастыру.

Бөкетов шығармаларында ұлттық болмыс пен заман талабын қатар суреттеу басым. Ол қазақтың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тарихи құндылықтарын көркем образдар арқылы асқан шеберлікпен жеткізеді. Сонымен қатар, кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі әлемін терең ашу – оның басты ерекшелігі.

Е.А.Бөкетов шеберлігі арқылы оқырманды кейіпкердің жан дүниесіне үңілдіреді, олардың сезімін, ой-армандарын көркем сөзбен жеткізе біледі.

Бөкетовтің әр шығармасында көркем тіл мен бай сөз қорын қолдануы айқын байқалады. Оның сөз саптауы, теңеу мен метафораларды қолдануы шығармаларына ерекше реңк береді. Қазақ әдеби тілінің көркем мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жазушы халық ауыз әдебиеті үлгілеріне де сүйенеді. Бұл оның тілінің сұлулығы мен көркемдігін арттырады.

Е.Бөкетов публицистикасындағы басты өзек – дәстүр мен тағылым мәселелері төңірегінде өрістейтіні белгілі. Осы бағытта жазушы сан алуан мақалалар мен лекциялық сөйлер дайындаған. Жастарды білім алуға ынталандыру, тәрбиелі әрі мәдениетті азамат боп қалыптасуларына ықпал ету – оның көптеген публицистикалық еңбектерінің негізгі мақсаты. Жазушының өнегелі ойлары мен орынды тұжырымдары публицистикасынан айқын аңғарылады. Мәселен, «Ағадан ақыл, ініден ілтипат», «Қараша үйден Қарағанды Университетіне дейін», «Жас замандас бейнесі», «Арманшылды ардақта», «Сыйластық пен сырластық», «Парасат - білімнің бастауы», «Ғылымға жол ашсақ» секілді мақалалары жас ұрпақтың бойындағы игі қасиеттер мен адамгершіліктің орнығуына ерекше мән береді, осы бағытқа жетелейді.

Жазушы шығармаларында заман, уақыт, адам болмысы туралы ой қозғайды. Философиялық толғамдар адамгершілік, имандылық, ұлттың болашағы туралы сұрақтарды көтереді. Осы арқылы оқырманды терең ойға жетелейді, әрбір оқиғаның астарындағы мәнін ашуға шақырады.

Е.А.Бөкетов публицистикасында да көркемдік тәсілдер кеңінен қолданылады. Ол қоғамдық мәселелер мен заманауи өзгерістерді сипаттағанда көркемдік детальдар мен бейнелеу құралдарын ұтымды пайдаланады. Оның публицистикалық шығармалары нақтылық пен әсерлілікке толы.

Көпқырлы талантымен танылған көрнекті ғалымның әдебиет саласына зор үлес қосуына, сөз жоқ, оның өнерге деген ерекше іңкәрлігі, әдебиетші ретіндегі бейімділігі себепші болды. Бұл тақырыпты кеңінен қарастырмас бұрын, публицист Е.Бөкетовтің аталған кезеңдегі рухани ортасына назар аудару орынды саналады.

Әдеби мұрасының мазмұндық сипаты

Е.А. Бөкетовтың әдеби еңбектері – ұлттық мәдениеттің, рухани қазынаның маңызды бөлігі. Оның туындыларында:

- ұлттық дүниетаным, халық тарихы, салт-дәстүр ерекшеліктері көрініс тапқан;
- әлеуметтік әділет, адамгершілік пен ізгілік идеялары терең суреттелген;
- заман шындығын бейнелеумен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу айқын байқалады.

Е. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігі мен шешендікке тән қасиеттерінің бастау көзін оның табиғи болмысынан, бала күнгі өскен ортасынан іздеген дұрыс. Болашақ ғалым жастайынан шығыстың қисса-дастандарын жаттап, халық ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өсті. Ана әлдиімен, халықтық тәрбиемен бойына дарын қонған ол ерте жастан-ақ сөзге жүйрік, ойға алғыр болып қалыптасты.

Сол себептен де алғашқы ұстазы Августа Иусиновна шәкірті Евнейге ерекше ықыласпен қарап, оны әрдайым қолдап отырды. Парасатты ұстаздың өмір жолында жолыққан қазақтың алғыр да білімге құштар баласына деген мейірімі оның тағдырына айрықша әсер еткені анық. Абай айтқандай, «Шығысым – Батыс болып кетті» дегендей, шығыс әдебиетімен сусындап өскен Евнейдің Еуропа әдебиетіне қызығушылығын оятқан да – осы ұстазы еді. Жарты ғасыр өткен соң, академик Е. Бөкетовтің өзі білім алған мектебін, ұстазының ізін іздеп баруы – үлкен жүректі қаламгердің адамгершілік болмысының бір көрінісі.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларын оқыған жан оның тілінің шұрайына, жазу мәнерінің ерекше көркемдігіне сүйсінері сөзсіз. Белгілі қаламгер Ақселеу Сейдімбековтің «Шоқан туралы қолжазбаңызды оқып, тіліңізге сүйсіндім» деуі де тегін айтылмаса керек. Өйткені Бөкетов тілі – үнемі жаңарып, толығып отыратын құбылыстың жарқын үлгісі. Оның қолданысында жаңа дәуір туғызған тың сөздер, жаңа мағынаға ие болған көне ұғымдар мен интернационалдық терминдер орынды әрі шебер қолданылды. Мұндай сөздерді сәтті пайдалану автордың тілге деген ұқыптылығын, қаламгерлік мәдениетін айқын танытады.

Жас Бөкетовтің әдебиет пен өнерге құмарлығы, асқан талап-арманы тағдыр жолымен табиғаттану ғылымының өрісіне түсті. Өзі айтқанындай, «Ұлы Отан соғысынан кейін жоғары оқу орнына түскен біздер, көбінесе, мамандық таңдауға мүмкіндік болмады. Мысалы, мен мектепте оқып жүргенде инженер-металлург боламын деп мүлде ойлаған емеспін», – деп жазады Евней Бөкетов. «Арманшыл болғанға не жетсін» мақаласында: «Әрине, ұнатқан мамандық – тамаша түсінік. Бірақ бір ескеретін жайт – қандай шаруаның да нәтижесі еңбекте жатыр. Шын мәніндегі сүйікті мамандық – маңдай тер мен ыстық ықыласты қажет ететін іс. Нағыз еңбектенген мамандықты шын жүректен сүйе де, күйзелу де болады; жан-дүниенді арнаған ісіңе толықтай берілесің. Сондықтан бір кемшілік кетті деп артқа шегіну – нағыз босаңның ісі. Әсіресе, кейбір жастардың ‘кателестім’ деуі, көбінесе, бекер алаңдаушылықтан, өткінші қызығушылықтан туындаған жаңсақ пайым болып жатады. Тіпті алда-жалда жолыңнан жаңылсаң да, алған бетіңнен айнымай алға басу – батылға тән қасиет. Өйткені Абай айтқандай, «Адасқанның алды жөн, арты сокпақ». Осы сөзіменнен мамандыққа талғаусыз қарай бер, қай саланы таңдасаң да, бәрі еңбекпен оңай келеді деген ұшқары ой туындамаса екен деп ойлаймын», - деген тұжырым жасайды жазушы.

Е.А.Бөкетовтің әдеби мұрасын зерделегенде, оның шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктер – жазушы шеберлігінің, ұлттық болмысты терең түсінгендігінен туындайтын даралықтың белгісі екеніне көз жеткізуге болады. Әдеби және публицистикалық еңбектерінде ол қазақ сөз өнерінің биік үлгілерін көрсетті, әдеби дамуға үлкен үлес қосты. Бөкетовтің шығармашылығы – жас ұрпақ үшін өнеге мен рухани қазына.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е. А. «Көкейкесті» Алматы. Қазақстан. 2000 жыл.
2. Амандосов Т. «Публицистика дәуір үні»// Журналист және өмір. 1992 жыл.
3. Интернет көздері